



ИКҚЫН

ЕСТІСІҢ БЕ, АДАМЗАТТЫҢ ДҰШПАНЫ...

*Мен өлімге дайынмын
Осип Мандельштам*

*Келгенде сол сәт жан қияр,
Деймін де: Алла, алдияр!
Жаныңа барып жатамын,
Жүрегім, жаным – Данияр.*

О, Алла-ай... Опасыз, өткінші, жалған өмір-ай... Жетпістен жасым асқанда, бақилыққа қадам басқанда көрмек тұрмақ естімеп ем мұндай сұмдықты... 2013 жылғы жылан жылының 17 тамызы мен үшін қайғы жұтып, қан құсқан қаралы қара түн болды. Үйлену тойына арналған салтанат басталар сәтте Данашымның – Даниярымның жүрегі кенеттен тоқтады...



Бұл маған және Даниярымның аяулы анасы Құралай Ахметқызы Аққошқароваға қарақұстан соғылған бір емес, үш бірдей ауыр соққы болды. Бірінші – Тәуелсіздіктің құрдасы Даниярым әлі 22 жасқа да жетпеген жас еді. Екінші – үйлену тойының не алды, не соңы емес, дәл «той салтанаты басталады» деп асабалар хабарлаған сәтте қыршынынан қиылды ғой жаздай жайнап, гүлдей құлпырып тұрған жас өмір. Үшіншіден – Даниярым тегін емес, қасиетті, киелі екен.

Олай дейтінім – Данияр туған күні – 1991 жылы, қазан айының 28-жұлдызында Табиғат-Ананың тосын құбылысы болды. Қазақстан «Солтүстік шұғыласына» («Северное сияние») бөленді. Бұл жайлы газеттер жарыса жазды. Даниярдың жүрегі тоқтаған сәтте жаңа жұлдыз «Жаңа Дельфин»

туды. Бірінші болып жапон ғалымдары ашқан бұл жаңалық жайлы хабар БАҚ пен интернетте өріп жүр. Менің құдам Қобыланды Тұмыш пен құдағиым Розаның қызы, ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың келіні Динараның үйлену тойына орай алған жап-жаңа алтын жүзік, сырғаларының асыл тастары Даниярдың жүрегі тоқтаған сәтте қап-қара болып, қарайып кетіпті. Даниярымның жүрегі тоқтаған сәтте оның бөлмесіндегі сағат та тоқтап қалыпты... Осындай тосын жайлар көп болды ұлым – құлыным өмірден озғанда. Мұның бәрін ақыл-есімді, енді-енді, сәл-пәл жинай бастағанда жазып отырмын. Ал көз көріп, құлақ естімеген сол бір сұмдық сәтте анасы екеуміз естен танып қалдық. Сол бір сұрқия сұмдық күні қолымызда у болғанда ойланбастан өлетін ек. Кейін, сәл ес кіргенде:

Өлгім кеп еді,

Өле алмадым жан бөлек,

Даниярым ерекше едің,

Елден ерік, сен бөлек – деп жаздым.

Олай дейтінім өз ұлымды енді ғана, тереңірек танып жатырмын, халықтың айтуымен. Мың бір сөзден бір мысал: осыдан екі жыл бұрын Даниярдың қолынан алтын білезік көрдік.

– Бұл қайдан пайда болды? – дейміз ғой анасы екеуміз.

– Ана шеткі подъездегі Алтын әжем берді, – дейді Данияр.

– Ой, ол зейнеткер ғой. Кедей кейуанадан қымбат сыйлық алғаның не?

– Алмасыма болмады, ренжіткім келмеді әжемді.

Осы әңгімеден соң Данашымның анасы әлгі кейуанадан сұрамай ма:

– Мұныңыз не, өзіңіз тиын санап жүріп.

Сонда әлгі кейуана бүй депті:

– Егер қолымнан келсе, бұл балаға алтыннан ескерткіш қояр ем. Сұм ажалмен беттесем Даниярдың орнына өз еркіммен өлер ем. Мені ажалдан алып қалды ғой Данияр.

– Қалай?

– Туыс-туған менде жоқ, жалғызбын. Данияр соны білуші еді, білген соң да аптасына екі мәрте, әрі кетсе бір рет келіп, халімді біліп тұрушы еді. Соңғы бір келгенінде:

– Әже неғып жатырсың? – деді.

– Ауырып жатырмын, – дедім мен.

– Скорий шақырмадыңыз ба?

– Телефонға жете алмай жатырмын. Осы сөзден соң Данияр мені көтеріп алып, сыртқа алып шықты да, машинасына отырғызып ауруханаға әкеліп жатқызды. Ауруханада он күн бойы ем алғанымда күнде келіп, халімді біліп, керектің бәрін әкеліп тұрды... Міне, осыған ұқсас үлкенді-кішілі жақсылықтардың елдің көбіне жасапты ұлым.

Осы күнгі жастар кітап оқымайды дейміз ғой. Оқитын жастар бар, бірақ олар аз. Сол аздың бірі Данияр жиырма жасында М.Әуезовтің «Абай жолын», менің «Ақ аруанамды» оқып еді. Қайтыс болғаннан кейін машинасынан «Жиырмамыншы ғасыр» роман-эпопеясын көрдік деді, – менің інім Ғабит. Келініміз Анжеликаның куәлік етуінен білгеніміз машинада отырып біреуді

күткенде, демалыс күндері табиғат аясында демалғанда оқып жүріпті әкесінің кітабын.

Даниярымның күнделігін оқып отырсам бір күн, тіпті бір сағат бос уақыт болмапты. Күнделігіндегі барлық туыстарымыз бен өзінің жолдастарының туған күндері жазулы, тұсына жақсы сыйлық алуым керек, «кұттықтауым керек» «Жұма-намазға баруым керек», «бүгін футбол» деп, тағы бір беттерде көмектесуім керек, «бару керек», «телефон шалу керек» деген сөздерге тұнып тұр.

Өмірден ерте кетіретін құдіреті күшті Құдай сездірді ме, ылғи асығып жүруші еді. «Бәріне үлгеруім керек!» дейтін. №159 мектеп-гимназияны бітірмей жатып, колледжге түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, заңгер дипломын алды. Оны бітіре салып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ге түсті.

Соңғы курста бізге айтпастан сырттай оқуға ауысып, «Номад» сақтандыру компаниясына менеджер болып қызметке орналасты. Қайтыс боларынан екі ай бұрын диплом жұмысын 5-ке қорғап, ҚазҰУ-дің заң факультетін бітіріп, университет құқықтану мамандығын игерді. Жұмыс істей жүріп магистратурада оқуды жоспарлап қойып еді. Жалпы, ол көп сөйлемейтін еді. Өмірде өзінің орнықты ой, тандаған берік ұстанымы бар ол өзгелердің қайғысын өз қайғысындай қабылдайтын, аса қайырымды, асқан бауырмал, адал, ақкөңіл еді.

Менің Даниярым қайтыс болғаннан кейін, тоғызыншы күні оған хат жаза бастадым. Күн сайын өлең болып өріліп жатқан сол хаттарда ұлымның ісі мен сөздерін еске аламын, ең басты оқиғалар жайлы есеп беремін ұлыма.

«Даниярға хаттан» бірер үзік үзінді:

Аманкелдіге барғанда сұрадың

– Халық неге күйсіз? – деп.

Алматыда қиналдың,

– Қазақ неге күйсіз? – деп.

Халықтың жайын ойладың

Әлсіздерге болыстың,

Небәрі жиырма жасыңда,

Тұлға болып толыстың.

Тәуелсіз Қазақ елінің,

Күткені сенен көп еді.

Сұмырай, сұм ажалдың

Асықпағаны жөн еді.

Он күн болды бастан бақыт ұшқалы,

Қайғы жұтып, ата-анаң қан құсқалы,

Даниярым сені алып кетті ғой,

Адамзаттың ажал атты дұшпаны.

Бүкіл әлем маған қарап тұрғандай,
Өзің барда бақытты едім мен қандай!
Қас-қағымда өте шықты-ау
сол бір сәт,
Әкең сенің бүгін енді сормандай.

Даниярым – жаным менің жәннатым!
Биіктерге алып ұшқан қанатым!
Өзің барда өмір жайнап тұратын,
Сен едің ғой бар бақытым, мұратым.

Сені ойласам жүрек сыздап кетеді,
Көз алдымнан бар өмірің өтеді.
Суретіңе қарай берем көз алмай,
Қайтсем қолым, құлыным, саған жетеді.

Бұл жалғанда
Азапты да, тозақты да көріппін,
Жанған отқа, жалаға да төзіппін.
Соның бәрі ауыр емес бұл күннен,
Өзіңсіз мен тірі аруақ-өлікпін...
Айналып барам зомбиға,
Ұқсаймын қаңғыбасқа да.
Өңештен тамақ өтпейді,
Тәбет жоқ, таңғы асқа да.

Сенің қабірің Кеңсайда емес,
Ата-анаңның жүрегінде.

Уақыттың жазбайтын,
Жоқ дейді ғой жарасы,
Бұл сөз бізге жүрмейді,
Түрімізге қарашы.
Көрге бірге түседі,
Бізбен бірге бұл жара.
Өмірге сосын келеді,
Жаңа бір ұрпақ гүл жара.
Солмасын деп сол гүлдер,
Көз жасымменен суарам.
Тәуелсіздік болса мәңгілік,
Көрде жатып та қуанам.
Анасы екеуіміз түнде жылап жатамыз, таңертең жылап тұрамыз. Бір жұбаныш

көңілде – Даниярымыз жайлы ел аузында айтылып жатыр жыр-аңыз. Сосын бірі ерте, бірі кеш, ертеңді-кеш күні бүгінге дейін ағылып келіп, көңіл айтып жатқан халық.

Телефонға да тыным жоқ,

Жанашыр жандар көп екен.

Аман болсын сол достар,

Оларсыз менің күнім жоқ.

Ендігі тірегіміз – сол тілекші халық, тілегіміз – еліміз бен ерлеріміз аман болсын!

Өзімізге де, тірегімізге де Алладан рақым, пайғамбардан шапағат болғай.

Жазғаным шын, осы анық.